



Дара және күрделі сөздер

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн сағат

Бұл тарауда:

- сөз құрамы;
- дара, күрделі сөздердің ерекшеліктері;
- зат есім, сын есім, сан есім, етістіктердің құрамдық түрлерімен таныса отырып, берілген мәтіндердегі ойлардан ғибрат аласың.
- Түрлі тапсырмалар орындап, өз біліміңді өзің бағалайсың.

Бағалау шарты:  - “Тапсырманы толық орындадым”;

 - “Сұрақтарым бар”;

 - “Көмек қажет”;

1-тапсырма. а. Қыс туралы өлеңдерді басқаларға мәнерлеп оқып бер. Жаттап ал.

Қармен ойнап балалар,
Далада жүр алысып.
Шана, шаңғы, конькимен,
Бір-бірімен жарысып.

Қар жауып тұр себелеп,
Қалтыраған бауларға...
Бейне құйттай көбелек
Қонып жатыр талдарға.

Аққала жасап әбігер,
Ақ қарды ойып құшақтап.
Қып-қызыл алма беттері,
«Қыс жақсы, – дейді, – түсі аппақ.

Қонып алып құлаққа,
Қытықтайды керемет.
Көбелегім бірақ та
Ұстатпайды, не керек?!
(Ғаламтордан)

ә. «Құйттай», «әбігер» деген сөздердің жуық мағыналарын жаз.






б. Өлеңде «көбелегім» деп ақын нені айтқан? Бұл сөздің түбірі мен қосымшасын ажыратып, түбір соңындағы дыбыстың өзгеру себебін түсіндір.

в. Өлеңдегі қарамен берілген сөздерге сұрақ қой. Қалай жасалып тұрғанына зер сал.

2-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тап. Жаттап ал.

Қалбалақтап ұшады.
Қанаты талып,
Жерді барып құшады.
(.....)

Қыста шыны боп қатады,
Жылыда су боп жатады.
(.....)

Тапсырма	1				2
	а	ә	б	в	
Өзіндік бағалау					

Аяқтаған: ай күн сағат



Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай ... күн сағат

3-тапсырма. Жоғарыда берілген өлең мазмұны бойынша сурет сал.




4-тапсырма. Берілген сөздерді мағынасына қарай дұрыс үйлестіріп, күрделі сөз жасап, емлесіне сай жаз.

Көк	сегіз	
Еш	күні	
Ала	шаға	
Он	аймақ	
Қыстың	жиек	
Ауыл	кім	
Бала	жаздай	

5-тапсырма. Жаңылтпашты жаттап алып, айтылу шарты бойынша жылдам айт.

Қайта-қайта қайталаудан
Пайда қайда?

Қайта-қайта қайталаудан
Қайта пайда.

Тапсырма	3	4	5
Өзіндік бағалау	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>

Аяқтаған: ай күн сағат ...

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай ... күн сағат

6-тапсырма. а. Суреттерге мұқият зер салып, қысқы тірлік жайында ой өрбіт. Күз көріністерімен салыстыр.



ә. Суреттер бойынша дара және күрделі сөздер жаз.

Дара сөз: түлкі,

Күрделі сөз: қой отары,

б. Өзің қалаған сурет бойынша әңгіме құрастырып жаз. Әңгімеңе ат қой.

Large empty box with horizontal lines for writing an answer.

Тапсырма	б		
	а	ә	б
Өзіндік бағалау	☀️ ⭐ ☁️ □ □ □	☀️ ⭐ ☁️ □ □ □	☀️ ⭐ ☁️ □ □ □

Аяқтаған: ай күн
.....сағат

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай ... күн сағат





КҮРДЕЛІ СӨЗДІҢ ТҮРЛЕРІ

Біріккен сөз	Екі немесе одан да көп сөздің бірігуінен жасалады. Мысалы: аққу, баспасөз, Ботакөз.
Қос сөз	Сөздердің қайталануынан немесе қосарлануынан жасалады. Мысалы: қазы-қарта, өз-өздері, бес-алты.
Қысқарған сөз	Кейбір күрделі атаулардың қысқартылып алынуынан жасалады. Мысалы: БҰҰ, ҚазМУ, см.
Тіркес сөз	Бірнеше сөздің тіркесуінен жасалады. Мысалы: алпыс бес, қол шана, қызыл сары, жаз бойы.

7-тапсырма.

а. Ребустарды шешіп, жауаптарын емле бойынша жаз.



ә. Ребустардың шешуі күрделі сөздің қай түріне жататынын белгіле.

- 1. Қос сөз
- 2. Қысқарған сөз
- 3. Біріккен сөз
- 4. Тіркес сөз

б. Ребустардың шешуін қатыстырып, сөйлем құрастыр.

в. Бұл сөздер қалай жасалған?

- 1. Сөздің қайталануы арқылы
- 2. Сөздің қосарлануы арқылы

Тапсырма	7			
	а	ә	б	в
Өзіндік бағалау				

Аяқтаған: ай күнсағат

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай ... күн сағат

8-тапсырма. а. Мәтінді мұқият оқып, ат қой.

Балалар жасырымбақ ойнады. Султанбек жасырынуға кеткен Бауыр жанды таба алмады. Сонан соң барлығы жабылып іздеді. Зым-зыя жоқ. Амалсыз ата анасына қабарлады. Ата-анасы айқайлап, жан-жақты шарлады. Ұшты-күйлі жоқ.

Әбден күдер үзген анасы далада жайулы жатқан киізді алайын десе, біреу оранып ұйқтап жатыр. Қуанғаннан көздерінен жас ақанша күлді.

ә. Қате жазылған сөздерді дұрыстап, мәтінді көркемдеп көшіріп жаз.

б. Теріп жаз.

Біріккен сөздер:

Қос сөздер:

Септік жалғауы жалғанған сөздер:



Біріккен сөздер үнемі бірге жазылады:
Алатау, көкөніс.

Қос сөздердің арасына қысқа сызықша
(-) қойылады: *ата-ана, әп-әдемі.*

Қысқарған сөздер әртүрлі жолдармен
қысқартылып жазылады: *АҚШ, кә.*

Тіркес сөздердің сыңарлары бөлек
жазылады: *сөз табы, оқып отыр.*

Аяқтаған: ай күн
.....сағат

Тапсырма	8		
	а	ә	б
Өзіндік бағалау	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн сағат

9-тапсырма.

- а. Өлеңдерге ат қой.
- ә. Ұйқасын тап.

Бір басуға ерініп,
Өзер-өзер ілбиді.
Күншуақта керіліп,
Күнұзаққа

Қонған шыбын-шіркейді,
Қағады ол мұртымен.
Үркітеді кей-кейде,
Құлағының

(Қ.Жұмағалиев)

Бақшада биік,
Күнбағар өсті.
Күн нұрын,
Құлпыра

Күндіз кеп көрсең,
Әдемі көркі.
Басында әсем,
Сап-сары

(А.Сопыбеков)

б. Өлеңдердегі сөз таптарын кестеге жаз.







Зат есім	Сын есім	Сан есім	Етістік

в. Өлеңдердегі күрделі сөздердің астын сыз.

г. Синоним сөздерді теріп жаз

10-тапсырма. Берілген сөздердің жазылу емлесін есте сақтай отырып, көркем көшіріп жаз.

Қорытынды, құрылыс, сиыну, сыйлық, мейірім, мұғалім, ұстаз, тарих, құдіретті, қабілет, мемлекет, тәкаппар, қояйын, байиды, айрықша, айырылу, рақмет.

Тапсырма	9					10
	а	ә	б	в	г	
Өзіндік бағалау						

Аяқтаған: ай күн сағат

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай ... күн сағат

11-тапсырма. Төмендегі сөздерден күрделі сөздер жаса.

таң	алты	құм
<div style="background-color: #e0f0ff; border: 1px solid #add8e6; padding: 5px; width: 100%;"></div>	<div style="background-color: #e0f0ff; border: 1px solid #add8e6; padding: 5px; width: 100%;"></div>	<div style="background-color: #e0f0ff; border: 1px solid #add8e6; padding: 5px; width: 100%;"></div>
<div style="background-color: #e0ffe0; border: 1px solid #90ee90; padding: 5px; width: 100%;"></div>	<div style="background-color: #e0ffe0; border: 1px solid #90ee90; padding: 5px; width: 100%;"></div>	<div style="background-color: #e0ffe0; border: 1px solid #90ee90; padding: 5px; width: 100%;"></div>
ақ	қол	тас
<div style="background-color: #e0f0ff; border: 1px solid #add8e6; padding: 5px; width: 100%;"></div>	<div style="background-color: #e0f0ff; border: 1px solid #add8e6; padding: 5px; width: 100%;"></div>	<div style="background-color: #e0f0ff; border: 1px solid #add8e6; padding: 5px; width: 100%;"></div>
<div style="background-color: #e0ffe0; border: 1px solid #90ee90; padding: 5px; width: 100%;"></div>	<div style="background-color: #e0ffe0; border: 1px solid #90ee90; padding: 5px; width: 100%;"></div>	<div style="background-color: #e0ffe0; border: 1px solid #90ee90; padding: 5px; width: 100%;"></div>

12-тапсырма. а. Ұлылардан қалған ұлағатты сөздерді санаңа сақтап ал.

<p>Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек. <i>(М.Әуезов)</i></p> <p>Адамның сәні – өнер, білім, ақыл. <i>(Жетес шешен)</i></p> <p>Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл, артық білуге. Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге. <i>(Абай)</i></p>	<p>Білімді кісі керекті сөзді ғана айтады. <i>(А.Иүгнеки)</i></p> <p>Білімдінің сөзі – ем, Мейірімі көп, өзі кең. <i>(М.Жұмабай)</i></p> <p>Тәрбиелі – тәртіптің құлы. <i>(Момышұлы)</i></p>
--	--

ә. Даналар сөзінен түйген ойыңды жаз. Өзің түсінбеген сөз, сөйлемдердің мағынасын үлкендерден сұрап ал.

Аяқтаған: ай күн
..... сағат

Тапсырма	11	12	
		а	ә
Өзіндік бағалау	☀️ ☀️ ☁️ ☁️	☀️ ☀️ ☁️ ☁️	☀️ ☀️ ☁️ ☁️

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай ... күн сағат

13-тапсырма. а. Мәтінді оқып, ат қой.

Ақ қу – салмағы жетіден он килограмға дейін жететін, кейде онүш килограмм болатын ірі құс. Оның денесі керілген, мойны өте ұзын. Аяқтары қысқа. Қауырсынының түсі ап-пақ қардай, тұмсығы мен үзбесі сары, аяқтары қара.

Аққу – жыл құсы. Ерте көктемде ұя салатын жерлеріне екі екіден ұшып келеді. Шөпшаламнан үйілген науа сияқты ұясы, көбінесе, құрлықта, кейде таяз суда, қамыс, құрақ арасына орналасады.






Ұяға ақ немесе сарылау бес-алты жұмыртқа салады. Ұрғашы аққу жұмыртқа басады, ал еркек ақ-қу оны жанкештілікпен қорғайды. Балапандар қоректерін өз беттерінше табады.

ә. Мәтіндегі қате жазылған сөздерді емлесі бойынша дұрыстап, көркемдеп көшіріп жаз. Күрделі сөздердің жазылуын есте сақта.

б. Аң-құстардың тіршілігіне байланысты өзің білетін қызықты деректер жайында отбасы мүшелерімен әңгімелес.

в. Аң-құстарға қатысты қандай мақал-мәтелдер білесің?

г. Мәтіндегі қандай күрделі атауды қысқартып жазуға болады?

Тапсырма	13				
	а	ә	б	в	г
Өзіндік бағалау					

Аяқтаған: ай күн..... сағат



Ана тілі – С34

Дара және күрделі сөздер

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

14-тапсырма. а. Төменде берілген сөздердің сыңарларын тауып жаз.

Ыдыс-.....	жалт-.....	некен-.....
ұрда-.....	жөн-.....	ұп-.....
ертелі-.....	қоян-.....	қолма-.....
қым-.....	ойын-.....	өкпе-.....

ә. Бұл сөздер күрделі сөздердің қай түріне жатады? _____

15-тапсырма. Күрделі сөздердің қатарын жалғастыр.


Күрделі зат есім: тасбақа,

Күрделі сын есім: қып-қызыл,

Күрделі сан есім: он бес мың,

Күрделі етістік: жүгіріп келе жатыр,

16-тапсырма. Күрделі етістіктерді мейлінше көп қатыстырып, сурет бойынша әңгіме құрастыр. Әңгімеңе ат қой.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



17-тапсырма. Жұмбақтарды шеш. Шешуін қатыстырып, сөйлем құрастыр.

Ең бірінші бөлікте –
Тәттімін құмшекерден,
Мақтанбаймын бекер мен.
Жалғасатын бөлікте –
Мүшемін ас қабылдар,
Ойланыңдар, табыңдар.
Қос екеуін,
Жұрт оны:
«Май шам, – дейді, – білтелі.»
(.....)

Ең бірінші бөлікте –
Су үңгіген табанын,
Терең де тік жағамын.
Соңғы, екінші бөлікте –
Құстың көкте қағатын
Қауырсыны тап атын.
Қос екеуін дәлдікпен,
Түнде ұшар жәндікпін.
(.....)

18-тапсырма. Зат есімдерге мағынасына сәйкес алдымен дара сын есім, содан соң күрделі сын есім тіркестіріп жаз.

Үлгі: көйлек - **ақ** көйлек - **қызыл ала** көйлек.

- Бұлт -
- Мінез -
- Дала -
- Бала -

19-тапсырма. Күрделі етістік қатысқан сөйлемді тап.

1. Бұны маған әкем алып берді.
2. Жел қатты соқты.
3. Мен онымен уәделестім.
4. Сөйлемді оқытты.
5. Ала жаздай жайлауда болдым.

20-тапсырма. Бір сөзбен қалай атайды?

- Сабынның қалдығы:
- Кітаптың сырты:
- Киімнің сыртқы матасы:
- Киімнің іш жағы:
- Бір бет қағаз:

21-тапсырма. Ребусты шешіп, шешуін қатыстырып, сөйлем құра.



Тапсырма	14	15	16	17	18	19	20	21
Өзіндік бағалау								

Аяқтаған: ай күн сағат

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай ... күн сағат

Тақырыптық сабақта:

- сан есім туралы білетініңді еске түсіріп,
- реттік сан есімнің ерекшеліктері және
- жазылу емлесімен таныса отырып, берілген мәтіндердегі ойлардан ғибрат аласың.
- Түрлі тапсырмалар орындап, өз біліміңді өзің бағалайсың.

1-тапсырма. Жасырылған күрделі сөздерді тап. Қандай заңдылық байқадың?

Рыто пызаж – Нырұмти –
Кебңепкөк – Ытла-себ –

2-тапсырма. а. Ойлан, тап.

Бір қария қайтыс болар алдында үш баласына 19 түйесін мұра етіп қалдырады. Мұрагерлік шарты бойынша, үлкен ұлына түйелердің жартысы, ортаншысына төрттен бірі, ал кенжесіне бестен бірі қалуы тиіс еді. Алайда, оның ұлдары 19 түйені үшке де, төртке де, беске де бөле алмай дауласып қалады. Сен бұл мәселені қалай шешер едің?

.....

.....

.....

.....

.....

ә. Есептен дара, күрделі сан есімдерді теріп жаз.

Дара сан есімдер	Күрделі сан есімдер

б. Берілген сан есімдерді цифрмен жаз.

Сан есім

Тұлғасына қарай:

Негізгі
Туынды

Құрамына қарай:

Дара
Күрделі

Мағынасына қарай:

1.Есептік сан есім
2.Реттік сан есім
3. Жинақтық сан есім
4.Бөлшектік сан есім
5.Топтау сан есім
6.Болжалдық сан есім

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазып, мақалдарды толықтыр.

1. ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.
2. түсін білгенше, атын біл.
3. Білекті жығады, білімді жығады.

Аяқтаған: ай күн сағат

Тапсырма	1	2			3
		а	ә	б	
Өзіндік бағалау					

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай ... күн сағат

4-тапсырма. а. Мәтінді түсініп оқып, ат қой.

Қағазды біздің заманымыздың I ғасырында қытайлықтар ойлап тапты. VII ғасырда қағаз Парсы еліне, одан Арабияға тарады. Кейін арабтар оны Еуропаға әкелді. Тәжікстандағы Муг тауынан табылған VII ғасыр мұрағатының көптеген құжаттары қағазға жазылған.

Ресейде бірінші қағаз фабрикасы XVI ғасырда Мәскеу маңындағы Ивanteeвка ауылында салынды. 1716 жылы I Петр астанаға таяу жерден ірі қағаз фабрикасын салдырды.

Қазір қағаздың 600-ден астам түрі бар.

ә. Мәтінді қатесіз, таза көркемдеп көшіріп жаз. Сан есімдерді сөзбен жазып, қалай оқылып, жазылатынына мән бер.

5-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Зат есім бе, сан есім бе? Әлде...

Жүз – адамның дидары,
 Келбет те сол, кескін де
 Мұны ойланбай кім дағы,
 Жатқызар ... есімге.







“Жүз – жүп сан ғой кәдімгі, -
 деп, - санасам мен тізіп”.
 Мойындатар бәрінді:
 “Жүз - ... есім”, - дегізіп.

100

Ал, біліп жүр білмесен,
 “Жүз”-дің сыры көп әлі.
 Егер: “Суға жүз” – десем,
 Қай сөз табы болады?..



1. -----
 2. -----
 3. -----
 Мұндай сөздерді
 дейміз.

Тапсырма	4		5	6
	а	ә		
Өзіндік бағалау				



РЕТТІК САН ЕСІМ



6-тапсырма. Сөздерді реттік сан есіммен тіркестір. Сан есімдерді цифрмен жаз.

Ғасыр, жыл, апта, сәуір, пәтер, жаттығу.

Аяқтаған: ай күн сағат

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн сағат



Реттік сан есімнің жазылуы

Реттік сан есім:

1. араб цифрымен берілсе, **-ыншы (-інші, -ншы, -нші)** жұрнағының орнына дефис қойылады:
7-сынып, 1-орын, 60-жаттығу т.б.
2. рим цифрымен берілсе, **-ыншы (-інші, -ншы, -нші)** жұрнағының орнына дефис қойылмайды:
XXI ғасыр, II том, VII сынып т.б.
3. **Жыл, ай** аттарымен тіркескен сан есімдер араб цифрымен берілсе де, арасына дефис қойылмайды: *2020 жыл, 1 қыркүйек, 22 наурыз, т.б.*



7-тапсырма. Жұмбақтарды шеш.

Екеуі қарауыл қарап тұр,
Төртеуі ұйықтап жатыр.
Біреуі қамыр басып жатыр.
(.....)

Екі достың бірі ыңғайлы,
Біреуінің ебі жоқ.
Екеуін де бірдей көрем,
Маған артық-кемі жоқ.
(.....)

Таңдайы тақ-тақ,
Талмайтын неткен жақ!?
Бір өзінде екі тіл,
Сөйлемейді бірақ.
(.....)

8-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңді үйдегілерге әңгімелеп бер.

Ұстаз айтты:

– Адамда мына бес қасиет болу керек:

Кісіге шын құрмет, кеңпейілділік, шыншылдық, зеректік, мейірбандық.

Біріншісі – жарамсақтануға жол бермейді.

Екіншісі – барлығын бағындырады.

Үшіншісі – адамдардың көңіліне сенім ұялатады.

Төртіншісі – жеңіске жетуге мүмкіндік береді.

Бесіншісі – адамдарды басқаруға мүмкіндік туғызады.

Ұстаз төрт түрлі нәрсеге үйретті:

Бірінші – кітапты түсініп оқуға;

Екіншісі – адамгершілікті сақтауға;

Үшіншісі – Отанға адал болуға;

Төртінші – әділдікке.

(*Ғаламтордан*)

Жарамсақтану – жақсатты болу, жағымпаздану

9-тапсырма. Ойлан, тап.

Қаншадамыз?

Үлкеніміз Мүсілімнен
Дәп екі жас кішімін мен.
Онға толып,
Туған күнін
Тойлап отыр Нұрлан інім.
Бойы озып тұрғанменен,
Үш жас кіші Нұрлан менен.
Нұрланның дәл жарым жасын
Жасап отыр қарындасым.
Тапқыш болсаң, ал, сана,
Біз әрқайсымыз қаншадамыз?

Аяқтаған: ай күн сағат

Тапсырма	7	8	9
Өзіндік бағалау	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай ... күн сағат

10-тапсырма. Өз өмірбаяныңды жаз.

11-тапсырма.

а. «Туған ел» әнін тыңдап, жаттап ал.

Туған ел

Әні: Н.Тілендиевтікі, сөзі: Т.Молдағалиевтікі
(«Менің атым Қожа» фильмінің әні)

Туған жердің бөбегіміз,
Туған елдің өлеңіміз.
Өмірге еркелеп
Көңілді өлкеде,
Қараймыз келер күнге, Туған ел!

Қайырмасы:

Қайда жүрсем, сені аңсай берем,
Жолымыз тұр әні нұр қия-бел.
Өзінді жырлаймыз, Туған ел!

Біз – бақыттың тілегіміз,
Біз – уақыттың жүрегіміз.
Гүлдей боп жайнаймыз,
Бұлбұл боп сайраймыз.
Өлкенің бұлағындай ойнаймыз.

Қайырмасы:

Біз – Отанның ұланымыз,
Біз – Отанның қыранымыз.
Өмірге еркелеп,
Көңілді өлкеде,
Қараймыз келер күнге, Туған ел!

Қайырмасы:

ә. Үлкендердің көмегімен «өмірге еркелеп», «ұлан» деген сөздердің мағынасын түсіндір.

Тапсырма	10	11	
		а	ә
Өзіндік бағалау			

Аяқтаған: ай күн сағат

I. Сынамаларды орындап, дұрыс жауаптарын «Жауап бөліміне» жаз.

1. Күрделі сөз дегеніміз не?

- а. Екі немесе одан да көп түбірден жасалған сөз
- ә. Бір түбірден жасалған сөз
- б. Заттың атын білдіретін сөз
- в. Қарсы мағыналы сөздер

2. Күрделі сөзді тап.

- а. Көшенің шамы жанып тұр.
- ә. Ілбіс – «Қызыл кітапқа» енген аң.
- б. Қыс жылы болды.
- в. Оқушылар кітапханаға барды.

3. Біріккен сөздер қатарын тап.

- а. Талай-талай, жарқ-жұрқ
- ә. АӨҚ, см
- б. Қосқұдық, итмұрын
- в. Кеше де, ертең де

Жауап бөлімі				
Сынама реті	1	2	3	4
Дұрыс жауабы				

4. «Қара», «ала», «құс» деген сөздердің бірігуінен жасалған құс атауы қайсысы деп ойлайсың?

- а. қараторғай
- ә. сарыала қаз
- б. қарлығаш
- в. түйеқұс




II. Дұрыс жауаптың астын сыз.

“Иә”, әлде “жоқ”?

1. Сан есім заттың санын білдіреді. *Иә. Жоқ.*
2. 30 – дара сан есім. *Иә. Жоқ.*
3. Төртінші – есептік сан есім. *Иә. Жоқ.*
4. Күрделі сан есім бір сөзден жасалады. *Иә. Жоқ.*
5. Күрделі сан есімнің құрамындағы сөздер бөлек жазылады. *Иә. Жоқ.*
6. Дара сан есім бір сөзден құралады. *Иә. Жоқ.*
7. 264 – күрделі сан есім. *Иә. Жоқ.*
8. «Мен 4 сыныпта оқимын.» Сөйлемде қате бар ма? *Иә. Жоқ.*

III. Күрделі сөздердің түрлерін ажыратып, ✓-мен белгіле.

№	Түрлері	Біріккен сөз	Қос сөз	Тіркес сөз	Қысқарған сөз
1.	жол-жөнекей				
2.	күні бойы				
3.	қонақүй				
4.	салт-дәстүр				
5.	беташар				
6.	он бес				
7.	тң (теңге)				
8.	орынбасар				
9.	бір-біріне				
10.	МҰҚ				

Тапсырма	I	II	III
Өзіндік бағалау			

Аяқтаған: ай күн сағат



Оқушының өз бетінше оқуына арналған жол картасы


САУАТТЫЛЫҚ – САНАЛЫЛЫҚ

Ана тілі – С34

Түбір мен қосымшаны ажырату	
Мұғалім	
Мен	

Сөз құрамына ажырату	
Мұғалім	
Мен	

Біріккен, қос, қысқарған, тіркес сөздердің жасалу жолдарын меңгеру	
Мұғалім	
Мен	

Біріккен, қос, қысқарған, тіркес сөздерді емлесі бойынша жазу	
Мұғалім	
Мен	

Өлең ұйқасын табу, мәтін құрастыру	
Мұғалім	
Мен	

Қатесіз, көркем жазу	
Мұғалім	
Мен	



Ана тілі – С44



Зат есім, сын есім, сан есім, етістікті құрамына ажырату	
Мұғалім	
Мен	

Сан есімді қайталау	
Мұғалім	
Мен	

Реттік сан есімнің жасалуын білу, емлесіне сай жазу	
Мұғалім	
Мен	

Мақал-мәтел мағынасын түсіну, түсіндіру	
Мұғалім	
Мен	

Тыңдау, жаттауға арналған тапсырмаларды орындау	
Мұғалім	
Мен	

Қатесіз, көркем жазу	
Мұғалім	
Мен	

Сөйлем

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

Бұл тарауда сен әртүрлі тақырыптағы мәтіндерді оқып, үлгі алумен қатар,

- жай сөйлем және құрмалас сөйлем;
- мәтін;
- айтыс түрлерімен танысып, бұрынғы алған біліміңді пысықтауға арналған түрлі тапсырмалар орындайтын боласың.
- Өз біліміңді өзің бағалайсың.

1-тапсырма. Ойлан, тап.










1. Бір қызығы, бұл әріп –
Тура тұрса, бір әріп,
Төңкерілсе, бір әріп. (.....)
2. Жай ағашта бес алма,
Мен де алмайын, сен де алма.
Қателік неде? (.....)
3. Жол бойында өшіп-сөніп, өшіп-сөніп тұрған
жарықты жолаушы бұрын көре ме,
жүргізуші бұрын көре ме?
(.....)



2-тапсырма. а. Мәтіндегі сөйлемдердің аражігін ажыратып, қатесіз, көркем көшіріп жаз.
ә. Мәтінге ат қой.

Отбасы – сыйластық орнаған орта отбасының әрбір мүшесі өзара сыйластықты сақтауға тиіс сонда бірлік, татулық берік болады әке отбасындағы барлық қамқорлықты атқарса, ана – отбасына нәр беруші адам сондықтан бала өмір бойы ата-анасының еңбегін, жақсылығын бағалауға тиіс.

Жалпы отбасында үлкендерді сыйлауға көп мән беріледі кішіпейілділік, көркем мінез, сыйластық отбасында қалыптасады ата-анасын сыйлап өскен бала өзгелерді де құрметтеуге үйренеді.

Тапсырма	1	2	
		а	ә
Өзіндік бағалау	  	  	  

Аяқтаған: ай күн
..... сағат

Ана тілі – 064

Сөйлем

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

3-тапсырма. Ребусты шешіп, мақалды жалғастыр.



4-тапсырма. а. Сөйлемді тап.

- а. Сіркесі су көтермеу
- ә. Жаз – тамаша мезгіл
- б. Құлап қала жаздау
- в. Қызыл ала көйлек

ә. Сөйлемнің қандай ерекшелігі барын өз түсінігіңмен жаз.

.....
.....
.....




Сөйлем –

біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер тобы.

Мысалы: Анам құрт қайнатты.

5-тапсырма. Заңдылығын тауып, сөйлем құрастыр.



6-тапсырма. а. Мәтінді түсініп оқы.

Еңбексіз өмір сүреңсіз

Қара пышақ дүкеннен шығып, ас үйге келген соң, тыным таппады. Нан турады, пияз аршыды, әйтеуір тамақ дайындалып, ас қамдалса, қолдан түспейтін болды. Ол жалқау еді. Бала кезіндегі «шалқайып жатсам» деген арманы есіне түсіп, жылап та алатын.

Бір күні қара пышақ ауыр еңбектен құтылудың оңай жолын тапты. Иесінің көзін ала беріп, еденнің жарығына қойды да кетті. «Болды, – деді ол қуанып, – енді еңбекті желкемнің шұқыры көрсін!..»

Ай өтті, жыл өтті. Қара пышақ орнынан қозғалған жоқ. Оның қайда жатқанын ешкім білмейтін еді.

Бір күні:

– Әй, туысқан, – деген дауысқа елең етіп қараса, еденнің жарығынан жылтылдаған көз сығалап қарап тұр екен. Бірден таныды, баяғы өзімен бірге жасалған Сары пышақ. Өзі өте көңілді, жүзі жарқ-жұрқ етеді. Сұлуланып кетіпті.

– Төмен секір, – деді Қара пышақ. – Бірге жатайық, бізді ешкім білмейді.

– Ол жерде не бар?

– Жатамыз, ұйықтаймыз, демаламыз. Ой, қандай рақат!

– Ал жұмысты кім істейді?

– Жұмыс бізсіз де істеледі.

– Рақмет! – деді Сары пышақ. – Еңбектен қашқанша, тер төгіп өлгенім артық.

Еңбексіз өмір сүреңсіз. Өзің-ақ жата бер, рақатыңа бата бер.

Қара пышақ орнынан тұрайын деп еді, тұра алмады. Өне бойын тот басқан. Барлық жері сынып бара жатқандай сезілді.

ә. Мәтін бойынша 5 сұрақ құрастыр.

.....
.....



б. Мәтін кейіпкерлерін ата. _____

в. Мәтіндегі негізгі ойды анықта. _____

г. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдерді салыстыр. Қандай ерекшелік байқадың?



7-тапсырма. Мақалдардың мағынасын өз сөзіңмен түсіндіріп жаз.

1. Тату үйдің тамағы тәтті. _____

2. Жоқты бар десең – құт болар,
Барды жоқ десең – жұт болар. _____

3. Сыйлап берсе, суын іш. _____

8-тапсырма. Жаңылтпаштарды жаттап ал.

Аманкелді майданнан аман келді,
Аманкелді жаз айына таман келді.

Аяқтаған: ай күн сағат

Іздеп ек бір-бір құр,
Қу екен құр құрғыр.
Таптырмай қырдан құр,
Қайттық біз құрдан-құр.

Тапсырма	3	4	5
Өзіндік бағалау			

Тапсырма	6					7	8
	а	ә	б	в	г		
Өзіндік бағалау							



Ана тілі – 064

Сөйлем

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

9-тапсырма. Сөйлемдерді жалғастырып, құрмалас сөйлем жаса.

Олар бүгін ерте келіп, _____.

Аспанды бұлт торлап, _____.

Анам ас әзірледі, _____.

10-тапсырма. Табиғат көрінісін сипаттап жаз.



11-тапсырма. Барлығы «б» әрпінен басталатын 10-нан төмен емес сөз қатыстырып, құрмалас сөйлем құрастырып жаз.

12-тапсырма. Қос сөздерді тауып, тыныс белгісін дұрыс қойып, көркем көшіріп жаз.

Адам өзінің барлық керек жарағын, ой арманын, талап тілегін тек білім арқылы ғана қанағаттандыра алады.

13-тапсырма. Сөздерді дұрыс орналастырып, құрмалас сөйлем құрастыр.

Өнері, ат, бәйгеге, білінбес, жарыспай, түсіп.

Тапсырма	9	10	11	12	13
Өзіндік бағалау	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Аяқтаған: ай күн сағат

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

14-тапсырма. а. Мәтінді түсініп оқып, ат қой.

**Майырылу –
жарақаттану,
мертігу.**

...Бір күні аңға шықсам, түлкіге құрып қойған қақпаныма бауырын жаңа ғана көтерген қасқырдың бөлтірігі түсіп қалыпты. Атып алуға қимай, босатып қоя бердім. Бостандыққа қолы жеткенін сезді ме, кішкене бөлтірік сынған аяғын сүйрете, томпаңдап жүгіре жөнелді.

Келесі жылы қыста аң аулап жүріп, аттан құлап, аяғымды сындырып алдым. Қатты құлағаным сонша – есімнен танып қалыппын. Өлдебір уақытта есімді жинадым, ауруханада жатыр екенмін. Дәрігерлердің айтқанына сенгім келмеді.

...Аттан жығылып, есімнен танған мені екі қасқыр ауылдың шетіне дейін сүйретіп әкеліп тастапты. «Қасқырлардың бірі аяғын сылтып басады екен, шамасы, ақсақ көрінеді», – дегенде, есіме сарт етіп баяғы қасқырдың қақпанға түскен бөлтірігі түсті.

Қасқыр екеш, қасқыр да менің жасаған жақсылығымды ұмытпағаны ма, сонда!? Айдалада майырылып жатқанда, өзім құтқарған бөлтірікпен кездестіріп, аң мен адам баласының түсінісе алатынын, екеуінің де Табиғат-Ананың баласы, мына «Дүние» атты бір отбасының мүшесі екендігін іштей, еріксіз мойындатқан жаратылыс заңына қайран қалдым!..(Фаламтордан)

ә. Мәтін неше азатжолдан құралған? _____








б. Мәтіннен синоним сөздерді теріп жаз. _____

в. «Қалдым» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

г. «Дәрігерлердің» деген сөзді түбір, қосымшаға ажырат.

д. Мәтін мазмұнына сай мақал қайсысы?

1. Жақсыда кек жоқ.
2. Ағайын – ағайынның айнасы.
3. Біреуге ор қазба, өзің түсерсің.
4. Жақсылық зая кетпейді, жамандық пайда етпейді.
5. Жауды аяған жаралы.

Тапсырма	14						
	а	ә	б	в	г	ғ	д
Өзіндік бағалау	 <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>

Аяқтаған: ай күн сағат

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

15-тапсырма. а. Мәтінді түсініп оқы.

Қасқырдың тісі тиген малды емдеу

...Жылқыға қасқыр шапқан. Біреулер күшігін алған-ау?! Ашулы, кекті, топты қасқыр. Биелер де, айғыр да жанын салып қорғаған. Өкінішке орай, топты қасқырдың жараламаған құлыны жоқ. Жылқыны ауылға айдап келдім. Қасқырдың тісі тиген малдың мал болуы сирек кездесетін жағдай болғандықтан, құлындардың көбі өліп қалды.

Қазақтың көне емінің, далада қалған ақсөңке қу сүйекті қыздырып басудың, арқасында 1-2 құлын аман қалды. Бұрын да сүйек қыздырып басып, аман қалған малдар болған.

"Мал-жаннан аулақ болсын" деген ниетпен, үлкендердің "ит-құс" деп отыратыны осындай оқиғадан сақтану екенін сол кезде түсіндік. *(Е.Бейіпхан)*

ә. Халқымыздың тағы қандай малды емдеу дәстүрлері барын үлкендерден сұрап, біліп ал.

16-тапсырма. Ұлттық салт-дәстүрлерді біле жүр.

Бәсіре – дүниеге ұл бала келгенде, сол күндері туған құлынды немесе ботаны “нәрестенің бәсіресі” деп атау салты. Қазақ халқының ұғымы бойынша, дүниеге келген баланың болашағы өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, сатпайды. Бәсіре, мүмкіндігінше, жүйрік, жорға әрі біреу болғаны дұрыс. Бәсірені баламен бірге бұла қып өсіреді. Есейе келе бәсіресі бар баланың да малға деген ықыласы, пейілі түзу болады.

Көгентүп (жиенқұйрық) – бұл жиендердің құрметіне жасалатын салт. Ондағы мақсат – жиеннің де қадірлі екенін көрсету. Ата-анасымен бірге нағашы жұртына келген жиен баланы сыйлап, оған бұзау, құлын, қозы-лақ атайды. Бұл – көгентүп беру. Және оның үш қалауын еш қарсылықсыз орындаған. Мұны кейбір өңірлерде "қырық серкеш" дейді. Атаған көгентүбін кейін бермей кету өнегесіздік, дүниеқоңыздық саналған.

17-тапсырма. Өзінді-өзің тәрбиелеу үшін өзіңе қоятын басты талаптарыңды жаз және оны күнделікті орындап, дағдыға айналдыр.

Үлгі: 1. Оқулығымды күтіп ұстаймын.

Blank writing area with horizontal lines for student response.

18-тапсырма. Мектеп әкімшілігіне өзің қалаған үйірмеңді жүргізіп беру туралы өтініш жаз. Оқулығыңдағы өтініш үлгісін басшылыққа ал.

19-тапсырма. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы. Өзіңе ұнаған 3-4 шумағын жаттап ал.

Наурыз-Көктем

Күн оянды, әлемге нұрын шашып,
Түн оянды, жұлдызы жамырасып.
Сан әуенге толтырып теңіректі
Жер оянды, тіршілік әнге басып.

Малшы үшін қауырт шақ малы төлдеп,
Ұя қамы құстар жүр шөпшек сүйреп.
"Наурыз келді – жыл басы!" – деп
 шуласып,
Жар салуда қаңқылдап қаз бен үйрек.

Тау оянды, маңдайы жіпсіп, терлеп,
Терін сүртті, ақша бұлт жоғары өрлеп.
Серпіп тастап ақ шәлі орамалын,
Дала оянды, кестелеп гүлден өрнек.

Бос кетпес деп көктемгі еткен еңбек,
Кез келді деп қамданар, кетпен сермеп.
Айдың қарап күдікпен жатысына,
Шаруа жүр несібесін Хақтан тілеп.

Көкте ойнады, найзағай қылыш сермеп,
Ұшқынымен от шашып, бұлтты түйреп.
Жасын төгіп жөңкілсе, бұлттар көшіп,
Кемпірқосақ ізінше салады өрнек.

«Күн оянды» десек, ол ұйықтамапты,
Жаралғалы бір сәтке тоқтамапты.
Күлім қағып, нұр шашып кірпігінен,
Оятты енді бар әлем, табиғатты.

(А.Ералиев)

Ешбір жан жоқ бос жүрген іздеп өрмек,
Өрмекші де үлгерген тоқып өрмек.
Қуануда, ұйқысы қанбаса да,
Жан-жануар жүгірген қорек іздеп.



Аяқтаған: ай күн сағат

Тапсырма	15	16	17	18	19
Өзіндік бағалау	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>



Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

1-тапсырма. а. Мәтінді түсініп оқып, ат қой.

Жаңа жыл қарсаңында ағам маған сұдай жаңа көлік сыйлады. Кеңседен шықсам, көлігімді айналсоқтап бір бала тамашалап жүр екен. «Бұл сіздің көлігіңіз бе?» – деп сұраған балаға: «Иә, менікі. Оны маған ағам сыйлады», – деп, мақтанышпен жауап бердім. Көздері жайнап кеткен бала: «Шіркін, сіздің ...» дей бергенде-ақ, оның ойын бірден ұқтым. Ол да «көлік сыйлайтын бай ағам болса» деп армандап тұрған шығар.

Бірақ бала: «Шіркін, сіздің ағаңыздың орнында болсам ғой!» – деп, мен күтпеген сөзді айтты. Баланың ниетіне риза болып кеттім де, көлігіммен қыдырып қайтуға шақырдым. Сәл жүргеннен кейін бала қуанышты дауыспен: «Аға, кешіріңіз. Менің үйімнің алдына тоқтай аласыз ба?» – деп өтінді. Үйіне әдемі көлікпен келгенін көрсетіп, көршілеріне мақтанғысы келіп тұрған шығар деген оймен тоқтай қалдым.

Бірақ тағы қателесіппін... Үйіне жүгіріп кіріп кеткен бала бір кезде кішкентай мүгедек інісін арқалап шығып, көлікті нұсқап: «Көрдің бе? Бәрі де жаңа саған айтқанымдай. Бұл көлікті мына кісіге ағасы сыйлапты. Мен де күндердің бір күнінде, міндетті түрде, саған осындай көлік сыйлаймын. Сосын қалаған жеріңе өзің бара алатын боласың», – деді, жүзі бал-бұл жанып. Кішкентай баланың інісіне деген сүйіспеншілігіне толқып кеттім. Көлігімнен түсіп, інісін көлігімнің алдыңғы орнына отырғыздым. Мәз болып кеткен балақай артқы орынға жайғасты. Үшеуіміз біразға дейін қыдырдық.

Мен сол күні бірдеңені алғаннан бергеннің көбірек бақыт сыйлайтынын түсіндім...
(*Оқу сауаттылығынан*)

ә. Әңгіменің мазмұнын үйдегілерге әңгімелеп бер.

б. Дұрыс жауапты белгіле.

1. Мәтіндегі негізгі ойды тап.

- а. Бала тамаша ақыл айтты.
- ә. Ағамның қадірін түсіндім.
- б. Сыйлықтың үлкен-кішісі жоқ.
- в. Алғаннан берген жақсы.
- г. Көлікпен қыдырған жақсы.

2. Бала неге үйінің алдына тоқтауын өтінді?

- а. Көлігін көршілеріне көрсету үшін
- ә. Інісін қыдырту үшін
- б. Достарына мақтану үшін
- в. Інісіне көлік әперетінін айту үшін
- г. Машинамен үйіне келу үшін

2-тапсырма. Әңгімені өз қиялыңмен жалғастыр.

Ақ ешкінің қардай аппақ Ақ лағы енесімен бірге өрісте жүрген. Ол жанында сылдырай ағып жатқан Бұлаққа келіп, оны кешіп тұрып, су ішті.

Таудың ерке Бұлағы Ақ лақтың аяқтары мен танауын қытықтап ойнағандай болды. Ақ лақ та оны жатырқаған жоқ. Жағада тұрған жүктей тасқа секіріп шығып, Бұлақпен ашық-жарқын әңгімелесе кетті.

3-тапсырма. Қанатты сөздің мағынасын өз сөзіңмен түсіндіріп жаз.

Біле бер, қанша білсең, тағы тіле.
Жетерсің мақсатыңа біле-біле. (Ж.Баласағұн)

4-тапсырма. а. Мәтінді түсініп оқы. Күнделікті өмірде қажетіңе жарат.

Тері тазалығы

Тері тазалығы – адам денсаулығының кепілі. Ыстық сумен және сабынмен жуынғанда ғана теріні түрлі микробтар мен лас нәрселерден айықтырып, тазартуға болады. Адам терісінің ең өсімтал бөлігі – шаш пен тырнақ. Шаш адамның миын күн сәулесі мен суықтан сақтайды. Өр шаштың өзінің өмір сүру мерзімі бар. Шаш сырт көзге өз қалпын сақтап тұрғанға ұқсағанмен, шын мәнінде күніне 100 тал шаш түсіп, 100 тал шығып отырады. Шашты аптасына 1-2 рет жуған жөн. Өте суық күндері бас киімсіз шығуға болмайды.

Қолдың тырнақтарын аптасына 1 рет алса, башпай тырнақтарын екі аптада бір рет алған дұрыс.

Бактерия мен вирустан құтылу үшін қолыңызды жууға 20 секундтан кем емес уақыт жұмсаңыз. Бактерия мен вирус жоғары температурада өледі. Бірақ, ыстық суды жиі қолдану қол терісінің қабынуына алып келеді. Сол себепті мамандар адам өзіне ыңғайлы су температурасында қолын тазалаған жөн дейді. (Ғаламтордан)

ә. 3, 4-тапсырмаларда берілген мәтіндерді салыстырып оқы. Айырмашылықтарын тауып, дұрыс үйлестір.

Белгілі бір оқиға баяндалған.

1-мәтін

Кейіпкерлері бар.

Белгілі бір қорытынды жасалған.

2-мәтін

Ақыл-кеңес берілген.

б. Екі мәтінді салыстыру арқылы қандай қорытынды жасадың?

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына антоним сөздер қойып жаз.

Ақылсыз достан
..... дұшпан артық.
(Шалкиіз жырау)

Мұратыңа жеткенше,
Дос-..... сыр берме.
(Б.Момышұлы)

..... менен тұщыны татқан білер. (Мақал)

Тапсырма	1			2	3	4			5
	а	ә	б			а	ә	б	
Өзіндік бағалау	  	  	  	  	  	  	  	  	  

Аяқталған: ай күн сағат

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына қалып қойған сөздерді қойып, шағын мәтінді толықтыр.

Еркін жүрген дала біздің келгенімізді ұнатпаса керек. Қазақы төбеттердің жағы сенбей үріп, арсылдап шығатын кездері көп. Мұндай сәттерде қораның басына орнатып, қой күзетуге тура келеді. малды жаралап, қораға түсетін де кездері аз болмайды. Қыстаудан бір жылқы айдап келгенбіз. Он бірдей шауып жүр. Кешікпей керіп, бие байламақ ойда едік. Қойдың күні жылқыларды бір соғып кету – әдетім.

Қажетті сөздер: үйір, кезегі, қарақшы, желі, тағылары, ит-құс, құлын.

7-тапсырма. а. Берілген сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құрастыр.

1. Соңында, қарлы, қар, қыстың, астынан, өсіп шығады, бәйшешек

2. Бәйшешектер, неліктен, өседі, қардың, астында

3. Гүлдер, жақсы көреді, өте, күн сәулесін

4. Тезірек, бәйшешек, екен, көрінсе

5. Бармақшымыз, бәріміз, бәйшешек, тауға, теруге

ә. Дұрыс жауапты белгіле.

- Бұл сөйлемдер құрамына қарай –

1. Құрмалас сөйлем	2. Жай сөйлем
--------------------	---------------
- Сөйлемдердің ішінде лепті, сұраулы сөйлемдер бар ма?

1. Бар	2. Жоқ
--------	--------
- Бар болса, алдыңғы ретін дөңгелекте.

8-тапсырма. Сөзжұмбақтың жауаптарына сай сұрақтар әзірле.

1. _____
- _____
2. _____
- _____
3. _____
- _____
4. _____
- _____



9-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Мұндай «қисық» бала біздің ортамызда бар ма? Оларға қандай ақыл-кеңес берер едің?

Қисық бала

Қасыңнан ағып өтеді,
Қалардай жолдан кешігіп.
Қарттарды қағып өтеді,
Сұрамайды кешірім.

Үлкеннің жолын сол бала
Ұялмай кесіп өтеді.
Іркіле тұрса сәл ғана,
Япырым-ау, несі кетеді?!

Осындай қисық бала бар,
Шайқайды басын ағалар.

(М. Әлімбаев)

10-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Анардың орнында болсаң, қандай шешім қабылдар едің?

Ажар мен Анар сабақтан келе жатыр еді. Ажар жарнамадан жаңа фильмнің басталғанын көріп:

– Менің қалтамда апам “Самса алып жерсің” деп берген ақша бар. Кеттік, кино көрейік, – деді.

Анар:

– Үйден сұранып шыққан жоқпыз. Іздеп қалады ғой, – деп, іркіліп қалды.

– Ештеңе етпес, “Мектепте болдық”, – деп айта саламыз...

11-тапсырма. Мына сөздерге жалғаудың қай түрі жалғанған? Кестені толтыр.

.....
Сабақтан, фильмнің, менің, ақша, үйден, мектепте	Басталғаны, қалтам, апам	Кеттік, жерсің, айта саламыз, болдық, сұранып шыққан жоқпыз

12-тапсырма. Араларды тиісті гүлдерге қондыр.

Тапсырма	6	7		8	9	10	11	12
		а	ә					
Өзіндік бағалау								

Аяқталған: ай күн сағат

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

13-тапсырма. а. Сахнаға арналған шағын көріністі кейіпкерлердің дауысына салып, рөлмен оқы.

Ақтиін мен қасқыр

Ақтиін бұтақтан-бұтаққа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр қарғып тұрып, оны ұстап алады.

Ақтиін. Мені жеме, жібер! (жалынады)

Қасқыр. Жарайды, жіберейін. Бірақ сен мынаған жауап берші: неліктен сендер әр уақытта шат болып жүресіңдер?

Ақтиін. Мені жіберіңіз, сонан соң айтайын. Әйтпесе, жүрегім дірілдеп, сөйлей алатын емеспін.

Қасқыр оны босатады. Ақ тиін ағаш басына шығып алады.

Ақтиін. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сондықтан да әр уақытта уайым-қайғысыз, шат болып жүреміз.

ә. Мәтіндегі негізгі ойды анықта. _____

14-тапсырма. Оқулығыңдағы айтыс туралы ақпаратты оқи отырып, айтыс үлгісін жалғастыр.

Ұл:
Бөгелмейін, жырлайын,
Өнерімді шыңдайын.
Домбырамды қолға алдым,
Айтысуға кім дайын?

Қыз:
Өрге қанат сермеймін,
Намысты қолдан бермеймін.
Тосылмаймын айтыста,
Сайысатын мен деймін.

15-тапсырма. Көп нүктенің орнына **и, й** әріптерінің тиістісін қойып, сөздерді көшіріп жаз.

Ж...нау к...ік ұ...ым нас...хат тақ...я сұ...ық
қ...ық құп...я қа...ың к...ім ха...уанат.



16-тапсырма. а. Мәтінді түсініп оқы. Түсінбеген сөздердің мағынасын үлкендерден сұрап немесе сөздіктен қарап біліп ал.

Бата мен тілек

Бата мен тілек – егіз қозыдай ұғым. Тілек дегеніміз бата, бата дегеніміз тілек. «Үйің құтты болсын!», «Сапарың оң болсын!», «Жақсы жатып, жайлы тұрыңыз!» деген тіркестерде бата да, тілек те бар.

Бата мен тілек – негізінен адам баласына жақсылық ойлау. Ол жас ұрпақты бірлікке, әділеттілікке, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейді. Бата ризашылық, тілек, ниеттің көрінісі ретінде айтылады.

Сапарға шығарда жанашыр үлкен адамнан бата алады: «Сапарың оң болсын!», «Ақ жол болсын!», «Басыңа бақ қонсын», т.б.

Іштей тілек тілеу әрбір адамның сеніміне де байланысты. Ол «құпияны» әркім біле бермейді. «Біреуге жамандық тілегенше, өзіңе амандық тіле!» дейді қазақ халқы.

Бата беруді үйрену өмірге өте қажет.

(*Ғаламтордан*)



ә. Бата, тілек қай кезде айтылады?

б. Бата үлгілерін жаттап ал.

Асарың асқар тау болсын,
 Жүзерің мұхит, көл болсын,
 Сүйенерің ел болсын,
 Дұшпаның қара жер болсын.
 Абайдай ән,
 Жамбылдай сән,
 Қажымұқандай күш болсын,
 Ұрпақ ұмытпас іс болсын.
 Есігің алды ой болсын,
 Ой толған қой болсын.
 Күнде ауылыңда той болсын.
 Жақсыға елікте,
 Жаманға желікте.
 Әрдайым шабытты бол,
 Сарқылмас бақытты бол!

Әумин!

Жас баланың күлкісін бер,
 Жас ананың ұйқысын бер.
 Жомарттың қолын бер,
 Жорытқанның жолын бер.
 Қыздың қылығын бер,
 Судың тұнығын бер,
 Асаудың арынын бер,
 Түнгі оттың жарығын бер.
 Асқар таудың паңдығын бер,
 Бұлбұл құстың таңғы үнін бер.
 Даланың жазықтығын бер,
 Гүлдің нәзіктігін бер.
 Теңіздің тереңдігін бер,
 Қыранның көрегендігін бер.
 Нағыз достың тілегін бер!

Әумин!

17-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап.

Маған да, саған да
 Жақын туыс – бес адам.
 Үш әріптен тұратын,
 Оңға оқы, солға оқы,

Өзгермейді еш одан,
 Бәрі де өз жұрағатың,
 Айтады, кәне, кім атын?

(.....,,,,)

Тапсырма	13		14	15	16			17
	а	ә			а	ә	б	
Өзіндік бағалау								

Аяқталған: ай күн сағат



1. Мәтін талдау

а. Мәтінді түсініп оқы. Шымшықтың іс-әрекеті жайында ой өрбіт.

Баяғыда өзінің өте қатты дауысымен танымал бір кішкентай шымшық болыпты. Өзгелер кішкентай шымшықты «Бұл менікі» деп атайтын, себебі шымшық жер, суларды көргенде, «Бұл менікі, бұл менікі!» деп, бар даусымен айқайлайды екен.

Күндердің бір күнінде кішкентай шымшық тәтті жеміске толы бір ағашқа кездеседі. Ағашта жемістің көп болғаны сонша – шымшық жалғыз өзі тіпті бір жылдың ішінде жеп бітіре алмас еді. Ағаштың барын шымшықтан басқа ешкім білмеді. Осындай керемет ағашты тапқаны үшін шымшық қатты қуанышқа бөленген болатын. Ағаштың әр бұтағына секіріп, әр жемісті бір шұқып, ақыры қарнын тойдырды.

Бірақ ол өзінің тапқан ағашын басқа құстар да тауып ала ма деп қорқып, бар даусымен «Бұл менікі, бұл менікі, бұл менікі!» – деп айқай салды.

Оның айқайы айналадағы бар құстарға жетті және олар «Не болып қалды екен?» деп, шымшыққа қарай ұшты. Өзге құстар да сол жеміске толы ағашты көріп, сол мезетте бар жемістерін жеп қойды да, қайта ұшып кетті. Ал байғұс кішкентай шымшық ағашты айналшықтап жүгіріп, «Бұл менікі, бұл менікі!» – деп айтуын доғармады.

ә. Мәтінге ат қой. _____

б. Сұрақтарға жауап бер.

– Мәтінде шымшық арқылы қандай адамның мінез-құлқы көрсетілген?

– Саған шымшықтың әрекеті ұнады ма? Неліктен?

в. Мәтін неше азатжолдан тұрады? _____

г. Мәтіндегі негізгі ойды анықта.

ғ. Мәтін мазмұнына сай келетін мақал-мәтел жаз.

д. Мәтіндегі тірек сөздерді теріп жаз. _____

е. Мәтіннің қай түріне жатады?

а. Баяндау

ә. Сипаттау

б. Пайымдау

2. Сынамалардың дұрыс жауаптарын «Жауап» бөліміне жаз.

1. Дауысты у дыбысы қатысқан сөзді көрсет.

а. уақыт	ә. ауа	б. жайлау	в. аққу
----------	--------	-----------	---------

2. Буынға дұрыс бөлінбеген сөзді тап.

а. ша-ға-ла	ә. ай-тыс	б. От-ан	в. а-бы-рой
-------------	-----------	----------	-------------

3. Тасымалданбайтын сөзді белгіле.

а. ана	ә. қалам	б. әңгіме	в. алты
--------	----------	-----------	---------

4. Қате жазылған сөзді көрсет.

а. қорытынды	ә. сиркуль	б. сыйлық	в. цирк
--------------	------------	-----------	---------

5. Сөздің жуық мағынасын жаз.

а. тез	ә.	б.	в.
--------	---------	---------	---------

6. «Қой» сөзінің омонимін жаз.

а.	
ә.	

7. Қарсы мағыналы сөздерді көрсет.

а. қызыл, жасыл	ә. жаз, күз
б. ақырын, баяу	в. жоғары, төмен

8. «Банан» сөзінің қазақша баламасы?

а. әуіз	ә. мәуіз	б. баялды	в. қияр
---------	----------	-----------	---------

9. Нағашысының жиенге атаған малы?

а. көгентүп	ә. бәсіре	б. көрімдік	в. сүйінші
-------------	-----------	-------------	------------

10. Біріккен сөзді тап.

а. алпыс алты	ә. ата-ана	б. алтыбақан	в. АҚШ
---------------	------------	--------------	--------

11. Көптік жалғауы жалғанған сөзді белгіле.

а. мектепте	ә. балалар	б. досым	в. үлгілі
-------------	------------	----------	-----------

12. Емле бойынша жазылған реттік сан есімді көрсет.

а. 2021-жыл	ә. 30-қазан	б. 4-сынып	в. III-бөлім
-------------	-------------	------------	--------------

13. Құрмалас сөйлемді тап.

а. Қыс келіп, күн суыта бастады.	ә. Қыста балалар мұзда сырғанады.
б. Адамдар қыстың қамына кірісті.	

14. Жолаушыға берілетін бата-тілекті белгіле.

а. Сапарың сәтті болсын!	ә. Қадамың құтты болсын!
б. Ұлыс оң болсын!	в. Соғым шүйгін болсын!

15. Тапқырлықты, шешендікті қажет ететін өнер жарысы, сөз сайысы?






а. жұмбақ	ә. жаңылтпаш	б. айтыс	в. бата
-----------	--------------	----------	---------

«Жауап» бөлімі														
Тапсырма	1	2	3	4	5	8	9	10	11	12	13	14	15	
Дұрыс жауабы														








Оқушының өз бетінше оқуына арналған жол картасы







ОҚИЫҚ ТА ТОҚИЫҚ







Күрделі сөздердің түрлерін ажырату, емлеге сай жазу	
Мұғалім	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>
Мен	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>

Жай, құрмалас сөйлемдерді ажырату	
Мұғалім	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>
Мен	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>

Жаттау, мәнерлеп оқу	
Мұғалім	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>
Мен	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>

Сөйлем, мәтін құрастыру	
Мұғалім	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>
Мен	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>

Мәтін талдау	
Мұғалім	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>
Мен	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>

Сынамалар орындау	
Мұғалім	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>
Мен	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>